

Балаларды балалар үйіне және білім беру үйымына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйымға орналастыруға медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-110/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 қыркүйекте № 21283 болып тіркелді

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 78-бабының 7-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Балаларды балалар үйіне және білім беру үйымына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйимға орналастыруға медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесі бекітілсін.

2. "Балаларды балалар үйіне және білім беру үйымына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйимға орналастыруға медициналық қарсы айғақтар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 5 қазандығы № 493 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізлімінде № 5845 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2009 жылғы 24 қараша, № 179 (1775) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық-әлеуметтік көмек департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау министрінің
2020 жылғы 23 қыркүйегі
№ КР ДСМ-110/2020
бұйрығымен бекітілген

Балаларды балалар үйіне және білім беру үйымына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйымға орналастыруға медициналық қарсы көрсетілімдердің тізбесі

1. Жіті инфекциялық аурулары.
2. Туберкулез (белсенді туберкулездің кез-келген нысаны).
3. Алапес.
4. Стационарлық емдеуді талап ететін мерез (белсенді нысаны).
5. Жүқпалы тері аурулары.
6. Стационарлық емдеуді талап ететін орталық нерв жүйесінің жіті аурулары.
7. Стационарлық емдеуді талап ететін трофиқаның ауыр бұзылулары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК